

**Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі»
Әдістемелік кеңестің
ХАТТАМАСЫ №5**

2025 жыл 28 ақпан

Шымкент қаласы

Өтілген орны: әдістемелік кабинет

Өтілген уақыты: 11:00

Қатысқандар: Әдістемелік кеңестің мүшелері, ПБК меңгерушілері

Күн тәртібінде:

1. №4 әдістемелік кеңесте қабылданған қаулылардың орындалуы.
2. 2024-2025 оқу жылында аттестациядан өтетін оқытушылардың тесттен жинақтаған әдістемелік құжаттары бойынша колледждің сараптама тобының тексеруі және қорытындылауы.
3. I курс білім алушылары арасында жалпы білім беретін пәндер бойынша колледж ішілік олимпиадалар ұйымдастыру, Білім, білік, дағдыларын бақылаудың тиімді әдістері.
4. Колледж студенттерінің зерттеу, эксперименталдық жұмыстарға қатысуы (конференция, семинар, студенттік конкурстар, олимпиадаларға қатысу)
5. Политехникалық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлерін сәуір - тамыз уақыт аралығында аттестаттаудың кезеңдері және тәртібімен таныстыру
6. Әр түрлі мәселелер
«Электроника және АЖ» ПБ арнайы пән оқытушысы Битемирова Канипа Калкамановнаның «Жүйелілік қауіпсіздікті құрастыру және енгізу» пәні бойынша оқу-әдістемелік құралын, «Физика математика және информатика» ПБ физика пән оқытушысы Сырабекова Гүлдана Ахатбекқызының «Физика» пәніне арналған нұсқаулы, «Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» ПБ арнайы пән оқытушысы Орынбасар Мақпал Сапарбайқызының «Автоматтандыру құралдары және автоматты басқару жүйесінің мамандандырылған агрегаттары мен блоктарының сұлбаларын таңдау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығымен және Тайшева Шарбану Тойшибековна «Электротехниканың теориялық негіздері» пәні бойынша тәжірибелік және зертханалық жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулығы мен Шертай Аяулым Болысбекқызы «Технологиялық процестің қалыпты режимін жүргізу және еңбек қауіпсіздігін сақтау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығы, «Химия технология» ПБ жалпы білім беретін пән оқытушысы Тулепова Жансая Акжигитовнаның «Биология» пәніне арналған оқу-әдістемелік құралын сараптамалық кеңеске ұсыну туралы

Тыңдалды:

1. 2024-2025 оқу жылының 1 жарты жылдығы жұмысының сараптамасын дайындау. 2024-2025 оқу жылының 1 жарты жылдығында сабаққа қатысу, ашық сабақтар, ПБК апталықтары сараптамалары жүргізілді.

2. Жұмысшы мамандықтар жылы аясында колледж жоспарына сәйкес 50 ашық сабақ, 10 мастер-класстарды ұйымдастырылсын, осы шаралар бойынша жоспар құрылып бекітілсін. Оқу процесінде ақпараттық технологиялар мен жасанды интеллект элементтерін қолдану арқылы жаңғырту жұмыстары жалғастырылуда.

3. ПБК оқытушыларының сабақ өткізу және оқу құжаттарын жүргізу сапасын бағалау мақсатында әдістемелік рейтинг жүйесі енгізілсін. Оқушылардың өндірістік-технологиялық және оқу-өндірістік тәжірибелерге қатысуы қадағалансын, кестесі талқыланып, бекітілсін. **SmartNation** платформасын тиімді пайдалану мақсатында жүйелеу және техникалық ұйымдастыру жұмыстары жүргізілді.

4. ҚР «Білім туралы» Заңының 29-бабы, ҚР «Педагог мәртебесі туралы» Заңының 7-бабы, ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Педагог» кәсіби стандартын бекіту туралы 2022 жылғы 15 желтоқсандағы №500 бұйрығы негізінде педагогикалық қызмет ұйымдастырылсын. Озық тәжірибені тарату мақсатында әдістемелік және дидактикалық материалдар, оқу құралдары мен әдістемелік нұсқаулықтар қаралып, бекітілді.

5. Аттестаттаудан өтетін оқытушылардың тізімін нақтылау, құжаттарын реттеу, мерзімінен бұрын аттестаттаудан өтетін оқытушылардың тестілеуден өтуін ұйымдастыру.«Ұстаз» платформасының жүйелік жұмыстарын жүргізу жұмыстары жүргізілуде.

6. Кәсіби байқауларға, конференция, семинарларға қатысуы қамтамасыз етілді.

7. Төмендегі көрсетілген әдістемелік әзірлемелер тізімін Шымкент қаласы Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне жіберілді:

Заурбекова Балзия Сайлауовнаның «Қазақстан тарихы» пәні бойынша теориялық сабақтарға арналған авторлық нұсқаулығы;

Маханова Зауре Умирбековнаның «Зайырлылық және дінтану негіздері» тақырыбындағы әдістемелік құралы;

Қазбекова Гүлдархан Қуатбекқызының «Географиялық өлкетану» тақырыбындағы авторлық бағдарлама;

Еділбаева Эльмира Сайдуллаевнаның «Информатика» пәніне арналған әдістемелік құралы;

Ахметалиева Эльмира Исламбекқызының «Тұрмыстағы физикалық SMART технологиялар» тақырыбындағы авторлық бағдарламасы;

Амалбекова Раушан Турганбекқызы «Учебно-методическое пособие по русской литературе» для преподавателей и учащихся колледжа;

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Балабекова сөз алды. Ол өз сөзінде педагогтерді аттестаттау – кәсіби құзыреттілікті айқындаудың және педагогикалық қызметтің сапасын арттырудың маңызды тетігі екенін атап өтті. 2024–2025 оқу жылы аясында колледжімізде аттестациядан өтетін оқытушыларға әдістемелік талаптарға сәйкес құжаттар дайындау тапсырылды. Бұл құжаттар жинағы педагогтің оқу-тәрбие процесіндегі тәжірибесін, әдістемелік ізденісін және кәсіби өсуін көрсетуге бағытталған.

Оқытушылар ұсынған негізгі әдістемелік материалдарға төмендегілер енді:

- Жеке кәсіби даму жоспары;
- Ашық сабақ материалдары (сабақ жоспары, рефлексия, өзіндік талдау);

- Авторлық әдістемелік әзірлемелер, презентациялар, сабақ үлгілері;
- Курстар мен семинарлардан өткенін растайтын сертификаттар, жетістіктер портфолиосы;
- Жұмыс бағдарламалары мен күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар.

Колледж жанынан құрылған сараптама тобының құрамына әдіскерлер, пәндік-циклдік комиссия жетекшілері және тәжірибелі оқытушылар кірді. Аталған топ объективті критерийлер негізінде әрбір педагогтің әдістемелік құжаттарын мұқият сараптап, мазмұндық құрылымына, ресімделуіне және педагогикалық талаптарға сәйкестігіне талдау жүргізді.

Сараптама нәтижесі көрсеткендей, көпшілік педагогтер оқу процесіне заманауи әдіс-тәсілдерді, критериалды бағалау жүйесін, саралап оқыту элементтерін тиімді енгізе алған. Жұмыс бағдарламалары стандартқа сай жасалып, сабақ құрылымы жүйелі жоспарланған.

Сонымен қатар, жекелеген педагогтердің портфолиосынан:

- шығармашылық ізденістің көрінісі болатын авторлық тапсырмалар,
- цифрлық білім беру құралдарын пайдалану мысалдары,
- кәсіби жетістікке жеткен студенттермен жүргізілген **жобалық жұмыстар** ерекше атап өтілді.

Анықталған оң нәтижелермен қатар, кейбір оқытушылар тарапынан:

- құжаттардың мазмұндық жүйесінде бірізділіктің болмауы,
- сабақ талдауы мен рефлексия бөлімдерінде жалпылама жазу,
- құжатты рәсімдеу мәдениетінің әлсіздігі сынды кемшіліктер де орын алғаны ескерілді.

Бұл мәселелер бойынша әдістемелік бөлім тарапынан тиісті ескертулер беріліп, алдағы уақытта педагогтерге арналған ішкі әдістемелік семинарлар мен тәжірибе алмасу отырыстары ұйымдастыру жоспарланып отыр. Колледждің сараптама тобы 2024–2025 оқу жылына аттестаттауға ұсынылған педагогтердің құжаттарын толық саралап, педагогтердің көпшілігін аттестация талаптарына сәйкес келеді деген қорытындыға келді.

Сөз соңында Д.Балабекова колледж оқытушыларының әдістемелік мәдениеті жылдан-жылға артып келе жатқанын атап өтіп, әріптестеріне шығармашылық табыс пен кәсіби биік белестер тіледі.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша колледж әдіскері Л.Маймакова сөз алды. Ол өз сөзінде атап өткендей, колледжішілік олимпиадалар – студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, білімін тереңдетуге, шығармашылық және логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға бағытталған маңызды іс-шаралардың бірі. Олимпиадалар оқу жылының жоспарына сәйкес I курс білім алушылары арасында жүйелі түрде ұйымдастырылып келеді. 2024–2025 оқу жылында колледжде жалпы білім беретін пәндер бойынша келесі бағыттарда олимпиадалар өткізілді: математика, информатика, қазақ тілі мен әдебиеті, орыс тілі мен әдебиеті, ағылшын тілі, физика, химия, Қазақстан тарихы, география. Аталған пәндер бойынша ПБК жетекшілері мен пән оқытушылары тапсырмалар әзірлеп, қабілетті білім алушыларды іріктеу, олардың оқу материалын терең меңгеру деңгейін бақылау, сондай-ақ шығармашылық тапсырмалар арқылы ойлау қабілетін бағалау мақсатында олимпиадалар ұйымдастырды. Бақылау және бағалау әдістері ретінде келесі тәсілдер қолданылды:

- бірнеше дұрыс жауабы бар тест тапсырмалары;
- сараланған есептер мен логикалық сұрақтар;
- эссе, қысқаша сипаттама, ашық жауаптар;
- топтық жарыстар мен блиц-ойын элементтері;
- рубрикамен бағалау, өзін-өзі бағалау, өзара бағалау әдістері.

Олимпиада нәтижесінде үздік көрсеткішке ие болған студенттер колледж директорының Алғыс хатымен марапатталды, Бұл білім алушылардың ынтасын арттырып, болашақта

облыстық және республикалық байқауларға қатысуына жол ашты. І курс білім алушыларына арналған пәндік олимпиадалар – студенттердің білім, білік, дағдыларын тексерудің тиімді құралы ғана емес, сонымен қатар олардың өз қабілетін көрсетуіне, бәсекеге қабілетті болуға, сенімділік пен кәсіби талпынысқа жетелеудің маңызды мотивациялық тетігі екені дәлелденді.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Балабекова сөз алды. Ол өз сөзінде колледж студенттерінің зерттеу және эксперименталдық жұмыстарға қатысуы – олардың шығармашылық әлеуетін, ғылыми қызығушылығын арттырудың, сондай-ақ кәсіби құзыреттілігін дамытудың маңызды тетігі екенін атап өтті. 2024–2025 оқу жылы аясында студенттерді ғылыми-зерттеу қызметіне тарту бойынша жүйелі жұмыстар жүргізілді. Бұл бағыттағы іс-шаралар негізінен оқу үдерісінен тыс уақытта, пәндік апталықтар мен арнайы жобалар аясында ұйымдастырылды. Студенттер келесі іс-шараларға белсенді қатысты:

- Қалалық және облыстық ғылыми-тәжірибелік конференциялар;
- Салалық пәндер бойынша студенттік олимпиадалар;
- Студенттік стартап жобалар байқауы;
- Зертханалық-тәжірибелік жұмыстар (физика, химия, экология бағытында);
- Дөңгелек үстелдер мен пікірталас клубтары. Бұл іс-шаралар студенттердің зерттеушілік қабілетін арттырып, өз ойын дәлелді жеткізуге, ғылыми жұмыс жүргізуге, шығармашылық тұрғыдан ойлауға ықпал етті.

Алдағы жоспарларға тоқтала кететін болсам наурыз айында колледж бөлімдері арасында «Ұлыстың ұлы күнін ұлықтайық!» тақырыбында үш турдан тұратын ауқымды іс-шара өткізу жоспарланып отырғанын атап өтті. Сонымен қатар, 2025 жылдың 2 сәуірінде Шымкент қаласы білім басқармасының «Политехникалық колледжі» МКҚК және Shymkent HUB ұйымдастыруымен «Жұмысшы мамандықтар жылы» аясында қалалық деңгейдегі Хакатон байқауын өткізу көзделуде. Бұл байқау техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының білім алушылары арасында ұйымдастырылады. Аталған іс-шара студенттердің IT және технологиялық бағыттағы жобаларын көрсетуге мүмкіндік береді. Колледждің барлық бөлімдері мен пәндік-циклдік комиссия оқытушыларын алда өтетін іс-шараларға белсенді қатысуға шақырып, сөзін қорытындылады.

Күн тәртібінің келесі мәселесі бойынша әдістемелік кабинеттің меңгерушісі Д.Балабекова Политехникалық колледжінің оқытушылары мен қызметкерлерін аттестаттаудың кезеңдері және тәртібімен таныстыру тақырыбы аясында сөз алды. Аттестаттау – педагогтің кәсіби құзыреттілігін айқындап, білім беру сапасын арттыруға бағытталған маңызды рәсімдердің бірі болып табылады. Бұл үдеріс Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің нормативтік-құқықтық актілеріне, сонымен қатар колледждің ішкі ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады. 2025 жылдың сәуір–тамыз айлары аралығында колледж ұжымы үшін аттестаттаудың бірнеше кезеңі жоспарланып отыр. Бұл кезеңдер алдын ала бекітілген мерзімдерге сәйкес ұйымдастырылып, әрбір педагогке нақты түсіндіріледі.

Бірінші кезеңде, сәуір айында, аттестациядан өтетін педагогтердің тізімі бекітіліп, әдістемелік кабинетпен бірлесіп құжат жинау кестесі әзірленеді. Әр педагог үшін жеке папка ашылып, қажетті құжаттар жинақталады. Оған кәсіби даму жоспары, сабақ жоспарлары, ашық сабақтардың материалдары, жетістіктер портфолиосы, біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары және басқа да әдістемелік өнімдер енгізіледі.

Екінші кезең – мамыр айында – педагогтер өздерінің әдістемелік материалдарын дайындап, тәжірибелік сабақтар мен қоғамдық жұмыстарға қатысу нәтижелерін көрсетеді. Ашық сабақтар өткізіледі, сонымен қатар әріптестердің сабағына қатысу, пікірлесу, тәжірибе алмасу үдерістері де қамтылады.

Үшінші кезең – маусым айында – сараптама тобы тарапынан ұсынылған құжаттар мұқият сарапталып, педагогтің кәсіби жетістіктері мен құзыреттілігі талданады. Сараптама тобы құрамына әдіскерлер, ПҚЖ жетекшілері және тәжірибелі оқытушылар кіреді.

Төртінші кезең – шілде айында – сараптама тобының қорытындылары жинақталып, ішкі рецензиялар мен ұсыныстар дайындалады. Әр педагогке қатысты нақты ұсыныстар мен бағалау парақтары жасалып, аттестация қорытындысына негіз болады.

Бесінші, қорытынды кезең – тамыз айында – педагогикалық кеңесте аттестация қорытындылары тыңдалып, шешім қабылданады. Бұл кезеңде біліктілік санатын растау немесе көтеру, кәсіби даму бағытын жоспарлау сияқты шешімдер қаралады. Аттестаттау үдерісі тек формалды сипатта емес, сонымен қатар әр педагог үшін кәсіби жетілуге, әдістемелік ізденіске, өз тәжірибесіне сын көзбен қарауға мүмкіндік беретін маңызды кезең екендігіне назар аударылды. Сөз соңында бөлім меңгерушілері мен ПҚЖ жетекшілеріне уақытылы ұйымдастыру, құжаттарды біріздендіру, педагогтерге әдістемелік қолдау көрсету қажеттілігін еске салып, барлық аттестацияға қатысушы әріптестерге сәттілік пен табыс тіледі.

Күн тәртібінің әр түрлі мәселесі бойынша колледждің әдістемелік кабинетінің меңгерушісі Д.Балабекова сөз алып, «Электроника және АЖ» пәндер бірлестігінің оқытушысы Қ.Битемирова «Жүйелілік қауіпсіздікті құрастыру және енгізу» пәні бойынша оқу-әдістемелік құралын таныстырды. Ұсынылған құрал осы пәннің мазмұнын жан-жақты қамтиды және оның құрылымы жүйелі түрде ұйымдастырылған. Оқу-әдістемелік құралында теориялық негіздер жан-жақты қарастырылған. Ақпараттық қауіпсіздіктің негізгі қағидаттары, қатерлер мен осалдықтар, жүйелік қауіпсіздікті қамтамасыз етудің негізгі әдістері мен стандарттары нақты мысалдар арқылы түсіндірілген. Бұл бөлім студенттерге қауіпсіздік саясатын құру және оны енгізу туралы терең түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Битемирова Канипа Калкмановнаның «Жүйелілік қауіпсіздікті құрастыру және енгізу» пәні бойынша оқу-әдістемелік құралын Шымкент қаласы Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне жіберуге ұсынды.

«Физика математика және информатика» пәндер бірлестігінің физика пән оқытушысы Г.Сырабекованың «Физика» пәніне арналған нұсқаулығы оқытушылар мен студенттер үшін пайдалы әрі қолжетімді болатыны сөзсіз. Физика пәні үшін жаңа әдіс тәсілдерді қамтуымен, оқытудың инновациялық технологияларын енгізуімен ерекшеленетін бұл нұсқаулық – білім беру сапасын арттыруға ықпал ететін құнды ресурс. Физика пәні бойынша негізгі аспектілерін қарастыра отырып, әр бөлімде нақты түсініктер мен мысалдар келтірілген, бұл студенттердің пәнді терең түсінуіне көмектеседі. Нұсқаулықтың құрылымы да өте ыңғайлы, ол әрбір тақырыптың маңызды тұстарын түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізеді. Сонымен қатар, практикалық тапсырмалар мен қосымша ресурстар студенттерге өз білімдерін тәжірибе жүзінде тексеруге мүмкіндік береді.

Сырабекова Гүлдана Ахатбекқызының «Физика» пәніне арналған нұсқаулын Шымкент қаласы Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне жіберуге ұсынды.

«Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» пәндер бірлестігінің арнайы пән оқытушысы М.Орынбасардың «Автоматтандыру құралдары және автоматты басқару жүйесінің мамандандырылған агрегаттары мен блоктарының сұлбаларын таңдау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығы оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың теориялық және практикалық дайындықтарын жетілдіруге бағытталған құнды еңбек. Нұсқаулық мазмұны қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуына сәйкес құрылып, білім алушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Автор материалды жүйелі түрде ұсынып теориялық бөлімдер мен практикалық тапсырмаларды өзара үйлесімді біріктірген. Сонымен қатар мысалдардың әртүрлілігі, олардың күрделілік деңгейіне қарай берілуі- әдістемелік құралдың қолданушылық тиімділігін арттырады. Нұсқаулықтың құрылымы да өте ыңғайлы, ол әрбір

тақырыптың маңызды тұстарын түсінікті әрі қарапайым тілмен жеткізеді. Сонымен қатар, практикалық тапсырмалар мен қосымша ресурстар студенттерге өз білімдерін тәжірибе жүзінде тексеруге мүмкіндік береді. Әдістемелік нұсқаулық материалының өте сапалы және жүйелі дайындалғанын атап өткім келеді.

Орынбасар Мақпал Сапарбайқызының Автоматтандыру құралдары және автоматты басқару жүйесінің мамандандырылған агрегаттары мен блоктарының сұлбаларын таңдау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығын Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне жіберуге ұсынды.

«Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» пәндер бірлестігінің арнайы пән оқытушысы Ш.Тайшеваның «Электротехниканың теориялық негіздері» пәні бойынша тәжірибелік және зертханалық жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулығы білім алушылардың теориялық және практикалық білімдерін жетілдіруге бағытталған. Нұсқаулық қазіргі заманғы білім беру талаптарына сәйкес әзірленіп, оқу процесін тиімді ұйымдастыруға көмектеседі. Нұсқаулықтың мазмұны жүйелі құрылымға ие, онда теориялық материалдар нақты әрі түсінікті баяндалған. Теориялық бөлім студенттердің тақырыптарды тереңірек меңгеруге ықпал етіп, пән бойынша базалық және кеңейтілген білім алуына мүмкіндік береді. Сонымен қатар, практикалық тапсырмалар алынған білімді бекітуге, өз бетінше жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Әдістемелік құралдың құрылымы логикалық жүйелікке негізделген, бұл білім алушыларға тақырыптарды рет-ретімен меңгеруге және олардың арасындағы байланыстарды түсінуге көмектеседі. Әдістемелік нұсқаулықтың басты ерекшелігі – оқу материалдарының қолжетімді және нақты берілуі. Тапсырмалар күрделілік деңгейіне қарай сұрыпталып, оқыту жүйесінің бірізділігін қамтамасыз етеді. Бұл студенттердің пәнге деген қызығушылығын арттырып, олардың өзіндік ізденіс қабілеттерін дамытады.

Тайшева Шарбану Тойшибековнаның «Электротехниканың теориялық негіздері» пәні бойынша тәжірибелік және зертханалық жұмыстарына арналған әдістемелік нұсқаулығын Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне жіберуге ұсынды.

«Технологиялық процестерді автоматтандыру және басқару» пәндер бірлестігінің арнайы пән оқытушысы А.Шертайдың «Технологиялық процестің қалыпты режимін жүргізу және еңбек қауіпсіздігін сақтау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығы оқу процесін тиімді ұйымдастыруға, білім алушылардың теориялық және практикалық дайындықтарын жетілдіруге бағытталған. Нұсқаулықтың мазмұны қазіргі заманғы ақпараттық технологиялардың дамуына сәйкес құрылып, білім алушылардың пәндік құзыреттіліктерін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Автор материалды жүйелі түрде ұсынып теориялық бөлімдер мен практикалық тапсырмаларды өзара үйлесімді біріктірген. Сонымен қатар мысалдардың әртүрлілігі, олардың күрделілік деңгейіне қарай берілуі-әдістемелік құралдың қолданушылық тиімділігін арттырады. Оқу-әдістемелік кешен ретінде бұл еңбек оқытушылар мен студенттер үшін пайдалы әрі қолжетімді болатыны сөзсіз. Технологиялық процестің қалыпты режимін жүргізу және еңбек қауіпсіздігін сақтау пәні бойынша ұсынылған тақырыптар түсінікті әрі ретімен беріледі, бұл студенттердің пәнді жақсы меңгеруіне ықпал етеді. Әрбір бөлім нақты анықтама мен мысалдармен толықтырылған, бұл студенттердің абстрактілі концепцияларды оңай түсінуге мүмкіндік береді.

Шертай Аяулым Болысбекқызының Технологиялық процестің қалыпты режимін жүргізу және еңбек қауіпсіздігін сақтау» пәніне арналған әдістемелік нұсқаулығын Білім басқармасының әдістемелік орталығының сараптамалық кеңесіне жіберуге ұсынды.

«Химия технология» ПБ жалпы білім беретін пән оқытушысы Ж.Тулепованың «Биология» пәніне арналған оқу-әдістемелік құралы Биология пәніне арнайы жасалынған бұл тест жинақта білім алушылар жалпы биология бойынша тест тапсырмаларымен таныса алады. Арнайы биология курсының әр тарауына тест жасалынған. Оқу-әдістемелік

тапсырмаларды ұйымдастыру тәсілдері, белсенді оқыту әдістері және сараланған жұмыстар үлгілері көрініс тапты. Бұдан бөлек, бірқатар оқытушылар авторлық тапсырмалар, цифрлық дидактикалық материалдар мен презентациялық өнімдер әзірледі. Бұл материалдар жас мамандар үшін тәжірибе көзіне айналып, колледждің ортақ әдістемелік қорын байытуға үлес қосты. Әдістемелік құжаттар электронды форматта (Word, PDF, PPT) рәсімделіп, бірізділікпен тапсыру жолға қойылды. Әдістемелік кабинет тарапынан құжаттарды жүйелеу, тақырыптық жіктеу және электронды архив жасау жұмыстары жүргізілді. Жас мамандармен жүргізілген жұмыстар да жүйеленіп, тәлімгерлік арқылы кәсіби қолдау көрсету жолға қойылды. Оларға арналған практикалық семинарлар, тренингтер және бақылау сабақтары ұйымдастырылып, кәсіби бейімделуіне жағдай жасалды. Цифрлық бағыттағы жұмыс та назардан тыс қалған жоқ. Оқытушылар Google Workspace, Padlet, Wordwall, Kahoot платформаларын сабақ үдерісінде қолдану арқылы оқу мотивациясын арттыруда оң нәтижелер көрсетті. Жалпы алғанда, 2024–2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс білім беру жүйесіндегі заманауи талаптарға сай жүргізіліп, педагогтердің кәсіби дамуына нақты ықпал етті деп өз сөзін қорытындылады.

Әдістемелік кеңес қаулы етеді:

1. Колледждің әдістемелік тақырып және жалпы білім сапасы бойынша жұмыстарының нәтижесі өз жалғасын тапсын;
2. Педагогтар мен студенттердің ғылыми-зерттеу жұмысына қатысуының нәтижесі бойынша жұмыстар жүргізілсін;
3. Дидактикалық материалдардың қорын байыту және тиімді қолдану жұмыстары өз жалғасын тапсын
4. Әдістемелік кабинетке тапсырылатын әдістемелік құжаттардың әзірлемесі, электронды нұсқасы туралы жұмыстар өз жалғасын тапсын
5. 2024-2025 оқу жылындағы әдістемелік жұмыс жоспарын жетілдіру жұмыстары өз жалғасын тапсын

Әдістемелік кеңестің төрағасы:



М.Арынбаев

Әдістемелік кеңестің хатшысы:



Л.Маймакова